

«Бекітемін»
«M.S. NARIKBAEV ATYNDAGY
KAZGUU UNIVERSITETI» АҚ
Қабылдау комиссиясының төрағасы

" 15 " 2026 ж.



**Шығармашылық емтихан бағдарламасы
білім беру бағдарламалары тобы бойынша
«B042 Журналистика және репортер ісі»**

1. Жалпы ережелер

1.1. M.S. NARIKBAEV ATYNDAGY KAZGUU UNIVERSITETI-нде шығармашылық емтихандарды қабылдау және өткізу тәртібі (бұдан әрі – Maqsut Narikbayev University) «B042 – Журналистика және репортерлік іс» білім беру бағдарламаларының тобы бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың Типтік ережелеріне (2024 жылғы 03 мамырдағы № 212 өзгерістер мен толықтырулар) сәйкес әзірленді.

1.2 Оқуға түсуге байланысты шығармашылық емтихандар студенттердің білім деңгейін, олардың іскерлігі мен дағдыларын және болашақ журналистерге қажетті қасиеттер мен қабілеттерді анықтауға бағытталған.

2. Шығармашылық емтихандарды өткізу тәртібі

2.1 Шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсетін тұлғалар шығармашылық емтихандарды тапсыру үшін Maqsut Narikbayev University-нің қабылдау комиссиясына мынадай құжаттарды тапсырады:

- 1) жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік орта білім немесе орта білімнен кейінгі білімі туралы құжат (түпнұсқа);
- 2) 3 x 4 сантиметр көлеміндегі 2 фотосурет;
- 3) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 4) ҰБТ сертификаты (бар болса);
- 5) шығармашылық емтихан тапсыруға өтініш.

2.2 Шығармашылық емтихан тапсыру үшін оқуға түсушілерден өтініштер Maqsut Narikbayev University-нің қабылдау комиссиясы күнтізбелік жылғы 20 маусым мен 15 тамыз аралығында қабылданады. Шығармашылық емтихан мемлекеттік білім беру грантына түсушілер үшін күнтізбелік жылдың 8–15 шілде аралығында, ал ақылы бөлімге түсушілер үшін 11–15 тамыз аралығында өткізіледі. Maqsut Narikbayev University-нде шығармашылық емтихандар қазақ және орыс тілдерінде өткізіледі.

2.3 Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалар тобына түсетін тұлғалар өздері таңдаған ЖОО-да екі шығармашылық емтихан тапсырады. Бұл

ретте оқуға қабылдау барысында шығармашылық емтиханмен қатар, Қазақстан тарихы және оқу сауаттылығы (оқу тілі) бойынша ҰБТ пәндерінің баллдары ескеріледі.

2.4 Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің шығармашылық даярлықты талап ететін білім беру бағдарламалар тобына түсетін тұлғалар шығармашылық емтиханды ЖЖОКБҰ-ға ақылы негізде түсушілерді қоспағанда, өздері таңдаған ЖЖОКБҰ-да тапсырады. Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалар тобы бойынша жоғары білім беру грантының иегерлері шығармашылық емтихан тапсырған ЖЖОКБҰ-ға қабылданады.

2.5 Шығармашылық емтихандарды өткізу бағдарламасын ЖОО әзірлейді және оны сол оқу орнының қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді.

2.6 Шығармашылық емтихандардың кестесін (емтиханды өткізу формасы, күні, уақыты және өткізу орны, кеңес беру) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және оқуға түсушілерге құжаттарды қабылдау басталғанға дейін ұсынылады.

2.7 Оқуға түсушіні шығармашылық емтихандарды өткізу дәрісханасына (үй-жайына) жіберу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүзеге асырылады. Шығармашылық емтихандар бейне және (немесе) аудио жазбалармен жабдықталған дәрісханаларда өткізіледі.

Шығармашылық емтихандар өткізілетін дәрісханаларға үміткерлерді жіберуді және емтиханды өткізу кезінде тәртіптің сақталуын оны өткізуге тартылған қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы, арнайы кезекшілер, техникалық хатшылар қамтамасыз етеді.

2.8 Жалпы орта немесе орта білімнен кейінгі, техникалық және кәсіптік білімін растайтын құжаттарға ие оқуға түсемдеушілердің шығармашылық емтиханы 50 баллдық жүйемен бағаланады.

2.9 Шығармашылық емтихандарды ұйымдастыру және өткізу үшін емтихан өткізу кезеңінде комиссия құрылады. Комиссия құрамына университеттің профессор-оқытушылар құрамы, қоғамдық ұйымдар, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері кіреді. Комиссия тақ саннан тұрады, егер отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, шешім заңды деп есептеледі. Комиссияның шешімі емтиханға қатысушылар санының көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

2.10 Шығармашылық емтихан қорытындылары комиссия хаттамасы негізінде бағалау ведомосінде еркін формада ресімделеді және нәтижелерді жариялау үшін қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына беріледі. Комиссия хаттамасына төраға және қатысып отырған барлық комиссия мүшелері қол қояды.

2.11 Шығармашылық емтихандардың нәтижелері оның өткізілген күні жарияланады.

2.12 Емтихандарды өткізу кезеңінде шығармашылық емтиханға қойылатын талаптарды сақтау, даулы мәселелерді шешу, тиісті емтихандарды тапсырушы адамдардың құқықтарын қорғау мақсатында төрағамен қоса құрамы тақ саннан тұратын апелляциялық комиссия құрылады.

2.13 Апелляцияға өтініш апелляциялық комиссия төрағасының атына isj@kazguu.kz электрондық мекенжайға шығармашылық емтихан тапсырған тұлғаның өз атынан беріледі және нәтиже хабарланғанан кейін келесі күнгі сағат 13.00-ге дейін қабылданады, оны апелляциялық комиссия бір күн ішінде қарайды. Апелляциялық өтініште емтихан нәтижелерімен келіспеудің дәлелді негіздемесі көрсетілуге тиіс.

2.14 Ауызша емтихандар бойынша апелляциялық өтініштер қабылданбайды.

2.15 Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы шығармашылық емтихан аяқталған күні республикалық бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын беру конкурсына қатысу және (немесе) ЖОО - на ақылы оқуға қабылдау үшін оқуға түсушілердің шығармашылық емтиханының нәтижелерін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығының ақпараттық жүйесіне береді.

3. Емтиханды өткізу форматы

Шығармашылық емтихандарды тапсыру формалары: бірінші емтихан – жазбаша (эссе); екінші емтихан-ауызша (әңгімелесу).

Жазбаша емтихан үміткердің тілдік құзыреттіліктері, сондай-ақ пайымы, логикалық және дәйекті түрде өз ойын жеткізе білу, тезистер құру және оларды қорғауы туралы түсінік қалыптастырады.

Ауызша емтихан үміткерлердің ой-өрісі, тілді меңгеру деңгейі, медиа саласындағы әлеуеті мен икемді дағдыларының болуы, осы бағыт бойынша оқу қабілеті туралы түсінік береді.

20 маусым мен 10 тамыз аралығында Maqsut Narikbayev University қабылдау комиссиясы келесі кестеге сәйкес шығармашылық емтихандарды тапсыруға өтініштер қабылдайды:

- Білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысу үшін талапкер 2025 жылының 20 мауысынан 7 шілдеге дейін өтініш беруі керек.

- Ақылы бөлімшеге түсу үшін талапкер шығармашылық емтиханға қатысуға өтінішті 10 тамызға дейін бере алады.

Қабылдау емтихандарын тапсыру рәсімімен танысу үшін емтихандар басталғанға дейінгі кезеңде кеңес беру көзделген.

Қабылдау емтихандарын тапсыру рәсімімен танысу үшін емтихандар басталғанға дейінгі кезеңде кеңес беру жоспарланған.

Шығармашылық емтихандар келесі кестеге сәйкес өтеді:

1) Білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысу үшін шығармашылық емтихан:

- 8 шілде – жазбаша емтихан;
- 9 шілде 13:00-ге дейін – апелляцияға өтініш;
- 10-11 шілде – ауызша емтихан (апелляциясыз) өтеді.

2) Ақылы бөлімге түсу үшін шығармашылық емтихан:

- 11 тамыз – жазбаша емтихан;
- 12 тамыз 13:00-ге дейін – апелляцияға өтініш;
- 13-14 тамыз – ауызша емтихан (апелляциясыз) өтеді.

Шығармашылық емтиханды қайта тапсыруға рұқсат берілмейді.

Эссе тақырыптары емтихан кезінде айтылады. Эссе көлемі 250-ден 400 сөзге дейін, эссе жазуға бөлінетін уақыт - 180 минут. *Эссені бағалау критерийлері 1-қосымшада көрсетілген.*

Шығармашылық емтихандар басталғаннан кейін түсушілерге емтихан материалдары беріледі және титулдық парақтарды ресімдеу тәртібі түсіндіріледі, сондай-ақ шығармашылық емтихандардың басталу және аяқталу уақыты, нәтижелерді жариялау уақыты мен орны және апелляцияға өтініш беру рәсімі көрсетіледі.

Эссе жазу кезінде тақырыпты мұқият оқып, одан ауытқымау, мәтіннің құрылымын сақтау, нақты тезистер мен аргументтер ұсыну, тілдік нормаларды сақтау ұсынылады.

Эссе тақырыбы журналистика, әдебиет, мәдениет, қоғам, саясат, экономика, рухани құндылықтармен байланысты болуы мүмкін. Емтихан кезінде үш эссе тақырыбы беріледі, олардың ішінен оқуға түсуші біреуін таңдауы керек.

Эссе тақырыптары <https://admission.mnu.kz/kk/programs/bachelor> парақшасында орналастырылған

Жазбаша емтиханды өткізу кезінде:

- 1) емтихан өткізуге кедергі жасауға;
- 2) емтихан алушының рұқсатынсыз шығып, дәрісханаларды аралауға;
- 3) электрондық байланыс құралдарын, шпаргалкаларды пайдалануға;
- 4) академиялық адалдықты бұзатын кез келген басқа әрекеттерді жасауға **тыйым салынады.**

Осы талаптар бұзылған жағдайда үміткердің дәрісханадан шығуы сұралады, ал жұмыс жойылады.

Егер талапкердің кешігу уақыты 60 минуттан аспаса жазбаша емтиханға жіберілуі мүмкін, алайда бұл ретте емтихан тапсыруға бөлінген уақыт ұзартылмайды, Дәлелсіз себеппен келмеген талапкерлер емтиханға жіберілмейді.

Ауызша емтихан барысында комиссия мүшелері талапкерге журналистика және медиа саласына қатысты сұрақтар қояды. Талапкер сұрақтарға нақты әрі анық жауап беруі тиіс. Қосымша құрылғыларды пайдалануға тыйым салынады. Ауызша жауап беру кезінде емтихан алушы қосымша сұрақтар қоюы мүмкін. *Ауызша емтиханды бағалау критерийлері 2-қосымшада көрсетілген.*

Нақты ақпарат пен мысалдар келтіре отырып, толық жауап беруге **кеңес береміз.**

Сұрақтар үміткердің жеке басының қызығушылығына, құмарлығына, сондай-ақ әдебиетке, мәдениет пен өнерге, экономика мен саясатқа, әлеуметтік және экологиялық мәселелерге қатысты болуы мүмкін.

Сұхбаттасудың болжалды сұрақтары
<https://admission.mnu.kz/kk/programs/bachelor> парақшасында орналастырылған.

Ауызша емтиханда талапкер ұсынған портфолио ескеріледі. Комиссия мүшелері әңгімелесу басталғанға дейін портфолио материалдарын қарап, баға қояды, бұл ретте қорытынды баға талапкерге әңгімелесу және портфолио үшін қойылған баллдардың арифметикалық орташа мәнінен тұрады.

Портфолионы бағалау критерийлері 3-қосымшада көрсетілген. Портфолионы шығармашылық емтиханға тіркелу кезінде Google Drive сілтемесі арқылы жіберуге болады, алайда ол шығармашылық емтиханның бірінші кезеңі (жазбаша емтихан) басталғанға дейін ұсынылуы тиіс (портфолионы дайындау жөніндегі нұсқаулықты қараңыз).

1-қосымша Эссені бағалау өлшемшарты

Өлшемшарт тар/Балдар	12,5 - 10,5	10,4 - 7	6,9 - 3	2,9 - 1,1	1 - 0
Тақырыптың ашылуы	Мазмұны берілген тақырыпқа сай, толығымен ашылған. Қызықты, ерекше тезистер мен нақты дәйектер келтірілген.	Мазмұны тақырыпқа сай. Негізгі тақырыптан шамалы ауытқулар бар. Дәйектер нақты берілмеген.	Тақырып біржақты және жеткілікті дәрежеде толық ашылмаған. Абстрактілі ойлау, клишелер, дәйектер әлсіз / берілмеген.	Мазмұны берілген тақырыпты ішінара ашады. Тезистер анық берілмеген, дәйектер жоқ.	Мазмұны берілген тақырыпты ашпайды.
Жүйелілік пен байланыс	Мәтін қисынды және дәйекті; микротемалар бойынша абзацтарға бөлінген. Үш бөліктен (Кіріспе, Негізгі бөлім, қорытынды) тұратын құрылым сақталған.	Мәтін бірізді, логикалық байланыс сақталған; сөйлемдер арасында күрт ауысулар байқалуы мүмкін. Кіріспе, Негізгі бөлім, қорытынды бар.	Мәтінде логикалық байланыс әрдайым сақталмайды; абзацтар еркін орналасқан, бір абзацта микротемалар араласқан немесе керісінше, абзацтарға тым жиі негізсіз бөлінген.	Ой жүйелі берілмеген, мәтіннің семантикалық және құрылымдық ұйымдастырылмаған.	Мәтін өзара байланыспаған. Сөйлемдер мен абзацтардың ерікті тәртібі. Эссе құрылымы сақталмаған.
Лексика мен стилистика	Тапсырманы сенімді және қызықты орындау үшін қажетті лексика берілген. Күрделі лексика, көркемдеуші құралдар дұрыс қолданылған.	Тапсырманы орындауға мүмкіндік беретін қажетті лексика қолданылған. Сөздерді қолдану барысында аздаған қателер кездеседі.	Берілген тапсырманы ішінара орындауға мүмкіндік беретін шектеулі лексика қолданылады. Сөздердің жиі қайталануы байқалады. Лексика және/немесе стилистика қолданыстарында ауытқулар бар.	Қарапайым құрылымдар қолданылған; лексика мен стилистикада қателіктер байқалады.	Лексика мен стилистикада жиі қателіктер кездесіп, мәтінді түсінуге кедергі келтіреді немесе мәтін бөліктерін мағынасыздандырады.
Грамматика, орфография және пунктуация	Өртүрлі грамматикалық құрылымдар қолданылған. Рұқсат етілген қателіктер саны-0-3.	Өртүрлі грамматикалық құрылымдар қолданылған, 4-5 қате.	Бірсарынды грамматикалық құрылымдар қолданылған. 6-10 қате.	Көптеген қателер мәтінді түсінуге қиындық келтіреді. 11-13 қате.	Мәтіннің көп бөлігінде грамматикалық, орфографиялық және пунктуациялық нормалар сақталмаған. 14 қате.
Максималды балл – 50					

2-қосымша ауызша емтиханды бағалау өлшемшарты

Өлшемшарттар /Балдар	12,5 - 10,5	10,4 - 7	6,9 - 3	2,9 - 1,1	1 - 0
Тақырыптың ашылуы	Үміткер тақырыпты білетіндігін көрсетеді, нақты тезистер ұсынып, оларды қорғайды, мысалдар келтіреді, әртүрлі көзқарастарды қарастырып, барлық сұрақтарға жауап береді.	Үміткер тақырыпты біледі, бірақ шектеулі бір тезисті немесе тек бір көзқарасты қарастыруы мүмкін.	Үміткер лаконикалық немесе оның жауабы тым дерексіз. Ол сұрақтарға жауап беруге тырысады, бірақ жауаптары анық емес, жалпы берілген.	Үміткер тақырыпты нашар түсінген. Өз ойы мен идеяларын дамытуға тырыспайды, импровизация жасай алмайды.	Үміткер тақырыппен таныс емес, үнсіз немесе басқа тақырып бойынша жауап береді. Қосымша сұрақтарға да нақты жауаптар берілмейді.
Жүйелілік пен байланыс	Үміткер дәйекті жауап беріп, тезистерді логикалық және негізді дамытады, өз ұстанымын сенімді қорғайды; сөйлемдер арасында – жатық ауысулар.	Үміткер дәйекті жауап береді, бірақ кейбір идеялар әртекті және тәуелсіз түрде ұсынылуы мүмкін.	Үміткер әртекті идеяларды ұсынады. Жауаптарында бірізділік байқалмайды.	Үміткер бір тақырыптан екінші тақырыпқа ауыспайды, тезистерді дамытпайды, өз ұстанымын қорғамайды немесе әлсіз дәйектер келтіреді.	Жауап құрылысында логикалық жүйе сақталмаған. Сөйлемдер өзара байланыспаған, идеялар бірізді берілмеген, мағыналық жүктемесі аз, бір-біріне қарама-қайшы.
Бейвербалды қарым-қатынас	Үміткер сенімді жауап береді, импровизация жасай алады, нақты, әрі анық сөйлейді.	Үміткер тыныш жауап береді, бірақ бірнеше рет мүдіріп қалуы мүмкін. Оған жиналып, сұраққа жауап беру үшін біраз уақыт керек болады.	Үміткер аздап қобалжып, кейбір жерлерде дыбыстарды «жеп қояды», тым тез немесе ақырын сөйлейді.	Жауаптың мазмұнынан үміткердің қобалжығандығы байқалады. Ол сөйлеуді бірнеше рет бастап, жинақтала алмайды.	Үміткердің қатты қобалжуы жауаптың сапасына айтарлықтай әсер етеді. Оның жауабын түсіну қиын, ұзақ үзіліс жасайды немесе түсініксіз сөйлейді.
Айтылым сауаттылығы	Үміткердің сөзі сауатты. Күрделі лексиканы дұрыс қолданады, сөз тәртібі стилистика талаптарына сай.	Үміткер күрделі құрылымдарға, тілдік нормалар немесе ескертпелердің өзгермелілігіне байланысты жасалуы мүмкін сөйлеудегі ең аз қателіктерге жол береді.	Үміткер сөйлеу кезінде жүйелі түрде қателіктер жібереді, бірақ бұл жалпы қателіктер.	Үміткер сөйлеу кезінде жүйелі түрде қателіктер жібереді, бірақ бұл лексикалық немесе орфоэпиялық түрдегі қателер. Күрделі сөздерді қолдануға тырысады, бірақ оны дұрыс құрай алмайды.	Үміткер орфоэпия лексика мен стилистикада көптеген қателер жіберген. Паразит сөздер, қайталаулар жиі кездеседі, сөздік қор аз.
Максималды балл - 50					

3-қосымша портфолионы бағалау өлшемшарты

Өлшемшарттар /Балдар	4	3	2	1
Балдар	Материалдар облыстық/республикалық/шетелдік БАҚ-та немесе «танымал» беттерде ұсынылған, көп қаралым жинаған және белсенді талқылауға түскен.	Материалдар жергілікті қалалық/аудандық газетте/журналда/сайтта жарияланған немесе әлеуметтік желілердегі белсенді парақшаларда ұсынылып, белсенді талқылау тудырған.	Материалдар мектеп газеттерінде, журналдарда, мектеп сайтында, жеке блогтарда, әлеуметтік желілерде ұсынылған. Олар өзіндік ерекшелігімен ерекшеленеді, авторлық стильді байқауға болады.	Материалдар мектеп газеттерінде, журналдарда, мектеп сайтында, жеке блогтарда, әлеуметтік желілерде жарияланған. Олар өзіндік және авторлық стильмен ерекшеленбейді.
Көлемі	Мақалалардағы сөздердің жалпы саны 1200-ден асады немесе бейне/аудио 15 минуттан асады.	Мақалалардағы сөздердің жалпы саны 1200-ден аспайды немесе бейне/аудио 15 минуттан аспайды.	Мақалалардағы сөздердің жалпы саны 600-ден аспайды немесе бейне/аудио 8 минуттан аспайды.	Мақалалардағы сөздердің жалпы саны 300-ден аспайды немесе бейне/аудио 3 минуттан аспайды.
Өртүрлі жанрлық	Материалдар 5-тен астам түрлі жанр мен форматта ұсынылған.	Материалдар 3-5 түрлі жанр мен форматта ұсынылған.	Материалдар 3-5 жанрда ұсынылған, бірақ бір форматта. Мысалы, мақала-ескерту, фельетон, шолу.	Материалдар 1-2 форматта/жанрда ұсынылған. Мысалы, тек жаңалықтар мақаласы / сұхбат / өлең және т. б.
Сертификаттар, дипломдар, ұсыныстар және т.б.	Облыстық/республикалық сертификаттар/медиа-сферамен байланысты курстарға қатысқаны үшін дипломдар (32 сағаттан астам) немесе журналистика, қоғам, экономика, құқық, өнермен байланысты облыстық/республикалық байқауларда 1-3 орындар үшін сертификаттар / дипломдар.	Аудандық/қалалық сертификаттар / медиа-медиа курстарына қатысқаны үшін дипломдар (24 сағаттан астам) немесе журналистика, қоғам, экономика, құқық, өнер саласындағы аудандық/қалалық байқауларда 1-3 орын үшін сертификаттар/дипломдар немесе кәсіби журналистердің ұсыныстары/пікірлері.	Мектеп сертификаттары / медиа-медиа курстарына қатысқаны үшін дипломдар (24 сағаттан астам) немесе журналистика, қоғам, экономика, құқық, өнерге қатысты мектеп жарыстарында 1-2 орын үшін сертификаттар/дипломдар.	Журналистика, қоғам, экономика, құқық, өнерге байланысты іс-шараларға қатысқаны үшін мектеп сертификаттары мен грамоталары.

Максималды балл – 16